



ПАЙДАЛАНУШЫ
НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Термос
OneTwo Explorer
O3VF090**

Құрметті сатып алушы!

«OneTwo» өнімін сатып алып, бізге сенім көрсеткеніңіз үшін үлкен рахмет! Біздің өнімдер сапаға, функционалдық пен дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған. Құрылғыны пайдалануды бастар алдында қауіпсіздік жөніндегі маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы аспапты дұрыс пайдалану мен оған күтім жасау бойынша ұсыныстары бар осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуыңызды өтінеміз.


Қолданылу мақсаты

Өнім ыстық және суық тағамның температурасын ұстап тұруға арналған. Термостың ішкі құтысы AISI 316 маркалы жақсартылған тот баспайтын болаттан жасалған, бұл оны тоттануға, жоғары температураға және жемір ортаға анағұрлым төзімді ете түседі. Ал қабырғалар арасындағы вакуум температураның 24 сағатқа дейін сақталуын қамтамасыз етеді. Сәнді дизайны, ыңғайлы тұтқасы мен иық бауына бола, термосты міндетті түрде алып жүргіңіз келеді!

Техникалық сипаттамалары

- Сауда белгісі: OneTwo.
- Modelі: O3VF090.
- Көлемі: 800 мл.
- 6/12/24 сағ. өткеннен кейінгі температура: 68/54/40 °C.
- Корпусының материалы: тот баспайтын болат AISI 201.
- Құтының материалы: тот баспайтын болат AISI 316.
- Биіктігі: 19 см.
- Салмағы: 532 г.

Құрылғының сұлбасы



Пайдалану нұсқаулығы

1. Бұйымды пайдаланар алдында қауіпсіздік пен тазалықты сақтау үшін оны сабынды жылы сумен жуыңыз.
2. Термостағы сусынды жылыту үшін қысқатолқынды пешті немесе тұмша-пешті пайдаланбаңыз. Сусындарды салқындату мақсатында термосты мұздатқыш камераға қоймаңыз.
3. Термос ішіндегісінің қажетті температурасын ұзағырақ сақтау үшін алдын ала мынадай әрекет жасаңыз: 3 минутқа ыстық су немесе суық су құю арқылы бұйымның ішкі құтысын қыздырып немесе салқындатып алыңыз.
4. Термосты шамадан тыс толтырмаңыз.
5. Ағып кетпес үшін тығын мен термос қақпағын мықтап жабыңыз, бірақ өнімге зақым келтірмеу үшін шамадан тыс күш салмаңыз.

Сақтық шаралары

- Бұйымды қыздыру элементтері мен күшті жылу көздеріне жақын жерге қоймаңыз.
- Бұйымның кейбір элементтерінің деформациясы мен түсі оңуын болдырмау үшін оны экстремалды температура мен тікелей күн сәулесінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- Термос ыстық сұйықтықпен толтырылса, оны балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.
- Ыстық сусындарды пайдаланған кезде күйіп қалмау үшін сұйықтықты термостың тікелей өзінен ішпей, шыны-аяққа құйып алыңыз.
- Бұйымды құлаудан және соққылардан қорғаңыз.
- Бұйымды құрғақ мұз немесе газдалған сусындарды сақтау үшін пайдаланбаңыз.
- Бұйымды тазалау кезінде тығыздағыш бөлшектері зақымдалмас үшін, оларды ұқыпты ұстаңыз.
- Термосты ыдыс-аяқ жуатын машинада жумаңыз.
- Сүт және ашымалы сүт өнімдері пайдаланылған сусындарды, сондай-ақ табиғи шырынды ұзақ уақыт бойы сақтамаған жөн. Тұрақты температураның ондай ингредиенттерге әсер етуінен тұтынылатын өнімнің сапасы нашарлауы мүмкін.
- Қорғаныш жабыны болғанымен, сорма сияқты құрамында тұз бар сұйықтық металдың жемірілуін тудыруы мүмкін.
- Жеміс жұмсағы немесе шай жапырақтары ішкі қақпақ пен корпус жиегінің арасына жабысып қалып, ағып кетуге себеп болуы мүмкін.
- Өнімнің табиғи тозу салдарынан уақыт өте келе өшірілуі мүмкін күңгірт жабыны бар.

Күтім жасау және тазалау

- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, бұйымды толық құрғатыңыз, оның тығыздағыш элементтерінде ылғал жоқтығына көз жеткізіңіз.
- Бұйымды тазалау үшін сілтілі ерітінділерді, қажақ заттарды, тазалағыш сулықтарды, спирттерді және металл ысқыштарды пайдаланбаңыз.
- Қақ пен тұрып қалған ластану болса, термосты сірке суының ерітіндісімен толтырып, 30 минут қойып қойыңыз. Термосты таза сумен шайыңыз да, қалған ластануды жұмсақ шүберекпен сүртіп кетіріңіз.
- Пайдаланғаннан кейін термосты жұмсақ жуғыш зат қосып, жылы сумен жуыңыз. Жуғаннан кейін оны жақсылап кептіріңіз.
- Термос ыдыс-аяқ жуатын машинада жууға арналмаған. Термосты тазалау үшін қажақты тазартқыш заттарды, еріткіштер мен ағартқыштарды пайдаланбаңыз.
- Термосқа ыстық сусын құйылған кезде, оны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Бос термосты қақпағы ашық күйде сақтаңыз. Термос ұзақ уақыт бойы пайдаланылмаса, оны жылы сумен жуып жіберіңіз.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын жайларында өндірушінің қаптамасында 5 °C-тан 40 °C-қа дейінгі температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің буы) болмауға тиіс.
- Бұйымды құрғақ ортада тасымалдау керек.
- Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда, өкілетті сервистік орталыққа хабарласқан немесе құрылғыны кәдеге жаратқан жөн.
- Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Бұл өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз қалдықтардың бақылаусыз тасталуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына келтірілетін ықтимал зиянды болдырмауға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және жою пункттері туралы қосымша ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.

Кепілдікті міндеттемелер

Өндіруші бұйымның материалы мен құрастырылуында ақау жоқтығына кепіл болады. Кепілдік мерзімі өнімді сатып алған сәттен бастап есептеледі және ол тек жаңа өнімдерге қолданылады. Кепілді қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу және ауыстыру өкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 2 жыл.

Пайдалану мерзімі: 4 жыл.

Қызмет көрсету орталықтарының жаңартылған тізімі мына мекенжайда:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Чжэцзян Куанди Индастри энд Трэйд Ко., Лтд.

Цзинь Фу тас жолы 8, Тан Сянь Гуань Шань Бэй өнеркәсіптік аймағы, Юнкан, Чжэцзян, Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары сапасын жақсарту үшін алдын ала хабарланбай өзгертілуі мүмкін.

Шығарылған күні бұйымның қаптамасында көрсетілген. V.3

onetwo